

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Т. Көмекбаев ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 90 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 қазанда № 6009 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Т. Көмекбаев ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Т. Көмекбаев ауылдық округі әкімінің 21.06.2018 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1- бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қармақшы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 421 ұсынысы негізінде Т.Көмекбаев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Т.Көмекбаев ауылдық округі, Т.Көмекбаев ауылының аумағында ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің
уақытша міндетін атқарушы*

Ғ. Ақжігітов